Ересек жасөспірімдердің кәсібін өздері анықтауы үшін психологиялық-педагогикалық қолдау қажет. Және жоғары сыйнып оқушылары келесі міндеттерді шешуге бағытталуы керек: танымға, оқушылар өздерінің жеке ерекшеліктерін, бейімділігі мен қабілеттерін, субъективтілігін қалыптастыруға көмек көрсету керек. Кәсіби құзыреттіліктерін анықтауға, мамандықтар өлемі туралы жан-жақты ақпараттармен қамтамасыз етуге мүмкіндік жасау керек. Келешек мамандықтың болашақ студен үшін ертерек зерттеп біліп алуы өте маңызды.

Отандық психологияда өзін-өзі анықтаудың екі тәсілі бар. Жоғары мектеп оқушыларында жаңа өзін-өзі тану ол жеке, орта және мектеп жасындағы жасөспірімдер үшін туындастын алғашқы табиғи процесс ретінде, өзін-өзі танудын алғашқы тәсілі түсіндіріледі. Екінші тәсілде өзін-өзі анықтау жасанды түрде үйимдастырылыған ретінде қарастырылады. Осы тәсіл жасөспірім кезіндегі кәсіби өзін-өзі тану аясында қарастырылады.

Өзін-өзі тану – бұл идеалды өмір салтын құру процесі және болашақты жоспарлау. Табыс деңгейін және қарым-қатынас, өмір салтын, кәсіп түрін анықтау. Өзін-өзі анықтау жеке және кәсіби өзін-өзі анықтау болып бөлінеді.

Қазіргі жастардың өзін-өзі тану ерекшеліктерінің бірі, бұл мамандықтардың беделіне, элиталылығына, ең жаксысы ретінде қарастыруы. Жасөспірімдер мен жастар көбінесе жылдам мансаптыққа бой алдырады, жылдам табысты, бай болуға үмтүлады. Ерте жастағы жасөспірімдердің болашаққа үмтүлуды жастардың психологиялық ерекшеліктері болып табылады. Ерте жастағы жасөспірімдердің жеке тұлға болып қалыптасуы, орта буын кезіндегі оқушылардың өмірлік жоспар құруға деген үмтүлісі, өмірлік перспективтердің құрылышын түсінүлері.

Даму психологиясында өзін-өзі тану үзактығына байланысты бірнеше кезеңге бөлінеді. Нақты әлеуметтік жағдайлар мен жеке тұлғанын даму ерекшеліктеріне.

Бірінші кезең – балалар ойыны, ойын барысында бала әр түрлі кәсіпби рөлдерді алады және женіліп үйренеді. Баланың мінез-

құлықының қалыптасуына әсер етеді. Екінші – жасөспірмінің киялы, жасөспірім өзін сол қалаған немесе басқа да тартымды мамандықтарда көре алады. Үшінші кезең, барлық жасөспірім және жастық шақтың көп белігі, – мамандықты алдын ала таңдау. Төртінші, практикалық шешімдер қабылдау кезеңі.

Еліміздегі білім беру жүйесін модернизациялау кезінде мұғалімнің педагогикалық процестің белсенді субъектісі ретіндегі рөлі едәуір артады, оның жеке және кәсіби қасиеттеріне, әлеуметтік және кәсіби позициясына қойылатын талаптар артады. Бүтінгі таңда жоғары кәсіби құзыреттілікпен қатар, қазіргі заманғы мектепке кәсіби өзін-өзі анықтаудың жоғары деңгейі бар, жастардың білімі үшін әлеуметтік және кәсіби жауапкершілікті сезінетін, кәсіби маңызды құндылық бағдарлары жүйесі бар, өзінің педагогикалық іс-әрекетінің жоғары мотивациясы бар, ен күрделі педагогикалық жағдайларда стандартты емес шешімдер қабылдай алатын мұғалім жақет. Осы жағдайларда педагогикалық білім берудің теориясы мен практикасында кәсіпті таңдау еркіндігі, өзін-өзі тану және болашақ мұғалімнің жеке басын кәсіби қызметтеге өзін-өзі жүзеге асыру мәселесі өзекті сипатқа ие болады. Бүтінгі таңда мамандық таңдау түпкілікті болмауы мүмкін. Адам мамандықты өзгерте алады, ал өз іс-әрекетін өз бетінше құра білу оның өмірлік жетістігін анықтайды. Осылан байланысты бүтінгі таңда білім жеке тұлғаның қажеттіліктерінен туындауы керек, бұл Еліміздің «Білім туралы» Заңында да корінеді: «Білім жеке тұлғаның өзін-өзі анықтауын, оның өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасауды қамтамасыз етуі керек».

Қазіргі заманғы білім беру жүйесін модернизациялануда, мазмұны қоғамның мұғалімнің жаңа түріне деген қажеттілігін көрсететін жаңа стандарттар енгізілуде. Алайда, жоғары педагогикалық білім беру стандарттарының қалыптасу процесі киын және екішты. Жоғары педагогикалық білім беру стандарттарын жетілдіре отырып, біз педагогикалық ЖОО-дағы білім беру қызметінің аса міндеті кәсібі мен дамуына, болашақ мұғалімнің жедел кәсіби өзін-өзі тануына ықпал ететін факторларды жандандыру және жағдайлар жасау болып табылатынын білуіміз керек.

«Өзін-өзі тану» терминін қолдану психология, әлеуметтану, философия, педагогика тұрғысынан мәселелеге әртүрлі көзқарастармен байланысты.

Өзін-өзі тану – бұл өмірде, қоғамда өз орнын анықтауға, олардың әлеуметтік, ұлттық және жеке мұddeлерін білуге деген үмтүліс.

Кәсіби өзін-өзі тану құбылысының күрделілігіне байланысты әдебиетте бұл үғымның нақты анықтamasы жоқ. Кәсіби өзін-өзі анықтау үғымы әлеуметтік-психологиялық ғылымда терең талданды.

«Өзін-өзі тану» термині қандай тәртіптік тәсілде қолданылатынына байланысты ол әртүрлі мазмұнды мазмұнға ие болады. Айта кету керек, бұл процестер күрделі, көп қырлы проблемаларды тудырады, олардың ішінде өзін-өзі анықтау деп атауға болады.

Өзін-өзі анықтау құбылысын зерттеу оның ғылым обьектісі ретіндегі жан-жақтылығын және оны түсіндірудегі екішты тәсілдерді анықтауға мүмкіндік берді.

Жасөспірімдердің кәсіпті сәтті таңдауы, кәсіби өзін-өзі анықтау зерттеушілерінің пікірінше, кейбір қажетті қасиеттермен сипатталады және бұл – шешім қабылдаудың хабардарлығы, дербестігі және жауапкершілігі.

Кәсіби өзін-өзі тану – бұл жеке тұлғаны және өзін-өзі анықтаудың бір болігі – екі негізгі компонентті қамтитын тұжырымдама: мамандықты таңдау және игеру процесі, өзін кәсіпкөйліктың ішкі және жалпы қабылданған критерийлері бойынша бағалау.

Кәсіби өзін-өзі анықтау қай жаста болады?

Кәсіби өзін-өзі тану үшін 14 жастан 23 жасқа дейін, әр түрлі еңбек түрлеріне моральдық катынастың негіздері алғаш рет қаланған кезде, жеке тұлғаның әртүрлі кәсіптерге деген көзқарасының селективтілігін анықтайтын жеке құндылықтар жүйесі қалыптасады. Кәсіптік бағдар адамға дағылар, хобби, құндылықтар мен мінездүкүлік негізінде өзіне қызықты мамандық табуға мүмкіндік береді.

Сондай-ак, ен жалпы тұжырымдамада кәсіби өзін-өзі анықтау процесінің нәтижесі оның болашақ кәсіби қызметінің субъектісін таңдау әрекеті деп айтуда болады.

Жоғары сыйып окушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауын психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасын іске асыруды талдау. Ересек жасөспірім кезіндегі кәсіби өзін-өзі анықтау процесінің нәтижесі болашақ мамандықты таңдау болып табылады.

Сонымен қорыта келгенде, кәсіби өзін-өзі тану – бұл үнемі болатын психологиялық-педагогикалық процесс педагогикалық ғылым мен практиканың ғылыми қызығушылығының фокусында. Бұл процесс, сондай-ақ адамның дамуы механизмдермен тығыз байланысты қоғамдағы субъектінің бейімделуі. Қоғамда болып жатқан өзгерістермен бірге жеке және кәсіби параметрлерді және

нәтижелілікті өзгерту білім алушылардың өзін-өзі анықтауы. Кәсіби өзін-өзі анықтау процесін қарастыру керек оның стадиалды сипаты және адам өмірінің барлық кезеңдеріне тараалуы түрғысынан ең ерте жаста. Мұндағы басты назар жеке мотивацияны дамытуға және өмірдегі орнын анықтауға бағытталған. Дәл осы ішкі әлемде өзін-өзі ынталандыру және сезіну болашақ перспективаларды ескере отырып, практикалық іс-әрекетті құру процесіне болашақ көзқарастың негізі болып табылады.

Мамандық таңдаудан жаңылмай, өз өмірініздің бір кірпішін дұрыс қалауынзыға тілекtesпін!

### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Дүйсембекова Ш.Д., Смагулова Ф. А. Окушыларға мамандық таңдауға кәсіптік бағдар беру жүйесі // Қазақстан Республикасының педагогикалық білімін жүйелі жаңғырту: мәселелері, шешу жолдары. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конф. материалдары.

– Алматы : Абай атындағы ҚазҰПУ, 2016. – 730 б.

2 Мұратбаева Г. А. Кәсіптік педагогика. Оку құралы / Г. А. Мұратбаева. – Алматы : Қыздар университеті, 2017. – 304 б.

3 Мұратбаева Г. А., Қоңырбаева С. С., Бейсембаева К. Д. Болашақ педагог-психолог мамандардың эмпатиясының кәсіби сапа ретінде қарастырылуы // Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің хабаршысы. Педагогика сериясы. – 2013. – № 3(45). – 335 б.

4 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. «Педагогика және психология». – Алматы, 2002. – 223 б.

5 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының II бабына сәйкес, 27 шілде 2007 жылы, №319-III.

6 Құсайынов А. Қ. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы. – Алматы, 2013. – 196 б.

7 Гальтон Ф. Методика трудового обучения и общетехнических дисциплин. – М. : Просвещение, 1982. – 286 с.

### О ВЗАИМОВЫГОДНОМ ВЗАИМОДЕЙСТИИ УНИВЕРСИТЕТА И ШКОЛ В РАМКАХ РАННЕЙ ПРОФОРИЕНТАЦИИ

КСЕМБАЕВА С. К.

к.п.н., профессор, кафедра «Личностное развитие и образование»,

Торайғыров университет, г. Павлодар

КАЮМОВА М. С.

PhD, ассоц. профессор кафедры «Финансы и учет»,

Торайғыров университет, г. Павлодар

В рамках профориентационной работы Торайғыров университетом проводится большая работа. Заранее продумывается и формируется Дорожная карта профориентационной работы, где учитываются все направления деятельности университета. Разумеется, на сегодняшний день региональные высшие учебные заведения должны сотрудничать с организациями образования, давая учащимся разностороннюю информацию об образовательных программах, их содержании и специфики. Не секрет, что многие выпускники школ, к моменту выпуска все еще не могут дать четкий ответ на вопрос, какую же специальность они выбирают.

Все это актуализирует вопрос ранней профориентации в организациях образования. Еще в 1975 году, в Женеве, была принята Конвенция «О профессиональной ориентации и профессиональной подготовке в области развития людских ресурсов» [1]. Необходимость принятия данного документа была обусловлена тем, что выпускники образовательных учреждений не могли, обучаясь в школе, сделать правильный выбор профессии. Эта проблема продолжает оставаться актуальной спустя годы.

В нашей республике ведется большая работа по внедрению ранней профориентации, так, например, утверждена Концепция развития дошкольного, среднего, технического и профессионального образования Республики Казахстан на 2023–2029 годы [2]. В данном программном документе актуализируется ранняя профориентация, направленная на помочь учащимся в раннем профессиональном самоопределении. Принимаются новые нормативные правила, регулирующие раннюю профориентацию.

В действительности, в последнее годы выбор профессии становится все сложнее. Ежегодно мировые рейтинги публикуют списки профессий, которые, возможно будут вытеснены с рынка труда. Появляются новые профессии, которые продиктованы

развитием новых цифровых технологий. Все это усложняет выбор профессий школьниками. Несомненно, им нужна помочь в правильном выборе профессии.

Мы понимаем, что профориентация в целом, это комплекс психолого-педагогических мер, направленных на профессиональное самоопределение школьника. В данный комплекс включены мероприятия по диагностике личности, и мероприятия по расширению знаний учащихся о разнообразии мира профессий. Сюда включены и мероприятия по выявлению склонностей и талантов учащихся.

Такую работу проводят профориентаторы в школах, такая должность введена в школах Павлодарской области.

Большая работа в этом направлении ведется в нашем университете. В университетах тоже есть структуры, отвечающие за качественное проведение профориентационной работы с школьниками. В нашем университете такую работу проводит отдел маркетинга, именно данный отдел координирует всю работу университета в данном направлении. Хочется отметить, что отдел маркетинга работает и попривлечению иностранных студентов. Отделом разрабатываются содержательные проспекты для проведения профработы, ведется работа с общественными организациями.

Но, прежде, хотелось бы представить статистику по результатам работы приемной комиссии в летний период.

Ведется статистика по поступившим, так, например, по количеству поступивших в 2023 году, было больше абитуриентов из городских школ.

Таблица 1 – Количество поступивших выпускников школ республики, поступивших на первый курс в 2023 году

№	Тип школы	Кол-во	%
1	Городские школы	995	74 %
2	Сельские школы	357	26 %

Из общего числа абитуриентов, поступивших на первый курс, только 23 % выпускников сельских школ Павлодарской области выбрали наш университет. Такие данные позволяют сделать выводы о том, что недостаточная профориентационная работа проводится в сельских школах Павлодарской области. Аналогичная картина и по поступившим из городов Аксу и Экибастуз. Из общего количества выпускников школ города Аксу, только 7,5 %

поступили в наш университет, и соответственно, 11 % от общего количества выпускников города Экибастуз Павлодарской области выбрали наш вуз. Это очень низкие показатели. И, они заставляют нас больше внимания уделять именно сельским школам и городам нашей области.

В текущем учебном году университет меняет подходы к профориентационной работе. Было принято решение начать раннюю профориентационную работу, начиная с 7- классов общеобразовательных учебных заведений. В этой связи пересмотрены методы профориентации, больше используются ознакомительные беседы, встречи с учеными университета, которые рассказывают о специфике научных исследований. Используются игровые формы работы, проводятся экскурсии в университет, дни открытых дверей по направлениям деятельности факультетов. Многие школы привлекают наших преподавателей к руководству научными проектами школьников. В свою очередь, университет приглашает школьников в университет, чтобы показать лаборатории, учебные аудитории.

На сайте университета начата работа по созданию «Карьера академии». Ее цель и основное назначение: подбор профориентационных материалов, которые будут помогать учащимся, начиная с 7 класса, получить информацию о разных профессиях, а также размещение тестов, позволяющих учащимся определить свою направленность, что в свою очередь, позволит учащимся сделать правильный выбор профессии. Здесь же планируется аккумулировать информацию для родителей, заинтересованных в правильном профессиональном самоопределении своих детей.

Взаимодействие школы и университета должно быть взаимовыгодным: школы заинтересованы в правильном профессиональном определении учащихся, университеты смогут получить абитуриентов, выбравших свою будущую профессию осознанно.

В своей работе можно опираться на работу Климова Е. А. «Психология профессионального самоопределения», где автор научным языком дает очень важную информацию о сути профориентации, ее значении в судьбе человека, вместе с тем, он предлагает уникальный тест на самоопределение, который приобрел значительную популярность и применяется многими абитуриентами [3].

Практическая часть профориентационной деятельности должна быть направлена на расширение знаний обучающихся в мире профессий. В этом плане очень важны встречи школьников с профессорами и преподавателями университета.

Именно в этом направлении сейчас и ведется работа университета.

Таким образом, грамотно построенная профориентационная работа в университете будет способствовать улучшению качества образования. Соответственно, более высокими будут показатели по трудуустройству выпускников. И в целом, грамотный подход в этом направлении поможет молодым людям быстрее адаптироваться во взрослой жизни.

## ЛИТЕРАТУРА

1 Конвенция Международной Организации Труда № 142 «О профессиональной ориентации и профессиональной подготовке в области развития людских ресурсов» (Женева, 23 июня 1975 г.) // <https://online.zakon.kz/>.

2 Концепция развития дошкольного, среднего, технического и профессионального образования Республики Казахстан на 2023–2029 годы // Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 марта 2023 года № 249.

3 Климов Е. А. Психология профессионального самоопределения. – М. : Издательский центр «Академия». – 2010. – 308 с.

## МЕКТЕПТЕГІ КӘСІПТІҢ БАСТАУЫ: ҮЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҮЛҮҚТАУ

КУЛЬМАГАНБЕТОВА Р. А.

тарих пәнінің мұғалімі, №18 ЖОББМ, Екібастұз қ.

АҚБӨПЕ А.

9 сынып, №18 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Ақпараттық кеңістік күн сайын кеңейіп, жаңа технологиялар дамып жатқан кезеңде мектеп оқушыларын үлттың озық дәстүрлі құндылықтарын өркендете, дамыта түсестін жолмен тәрбиелеу. Ел тарихының терең тамыры материалдық және рухан мәдениет арқылы рухани қабілеттерін дамыту. Мектебіміздегі «Іскер оқушы» қоғамы жұмысына женіл өнеркәсіп (қолданбалы өнер, киім-кешек, үлттық тағам т.б.) қосып, үлттық құндылығымызды дамытудың жүйесін енгізу:

- қазіргі жаһандық даму жағдайында жастардың бойына рухани құндылықтарды сіңіріп, үлттық құндылық арқылы тарихи танымын қалыптастыру;

- қазақ халқының сан ғасырлық бай өнері мен мәдениетін, бұрынғы негізді сақтай отырып, жана заман талаптарына сай дамытып, әлемге таныту;

- жас үрпактың бойына үлттық өнеріміздің бай мұраларын сіңіре отырып, шығармашылық баулу, үлттық болмысымызды сақтау;

- «Іскер оқушы» қоғамы логотипіне женіл өнеркәсіп (қолданбалы өнер, киім-кешек, үлттық тағам т.б.) қосып, үлттық құндылығымызды насиҳаттаудың жүйесін енгізу;

- туған өлкенің шағын және орта кәсібі, кәсіпкерлердің қызметі, даму жолымен таныстыру;

- STEM – оқытудың біріктілген тәсілі, оның шенберінде академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамаларда кең таралғаны STEAM (ғылым, технологиялар, инженерия, өнер және математика).

Оңірлердегі жастардың көбінде тым жақсы бизнес идеясы бар және соны жүзеге асыруға деген ынта мен жігер де бар. Алайда, нақты іске келгенде, алдан шығатын кедергілер де көп. Олардың негізгілері: қажет дағды мен білімнің жоқтығы; тәжірибе мен ақыл-кенесімен бөлісетін аға буынның болмауы; кәсіпті бастауға алғашқы қаржының табылмауы. Дегенмен, жастар кәсіпкерлігін дамыту елдің болашағы екенін түсінуіміз керек. Өйткені, олар жаңа жұмыс орындарын ашады. Отандық тауар өндіріп, қызмет көрсетеді. Экспортқа тауар шығару арқылы жалпы ел экономикасының дамыуна үлес қосады.

Алайда, жас кәсіпкерлерге жүктелетін жауапкершілік жүгі де женіл емес. Қазіргі заман олардан жаңашылдық пен айрықша ақылойды талап етеді. Өкініштің де сол, кәсібін жаңа бастағандардың көбі кәсіпте ақшаны ғана құнды деп біледі. Занды-зансыз жолмен жедел ақша тауып, жабылып қалады.

Олар – «бір құндік» компаниялар. Жастар елімізде шағын және орта бизнесті қолдауға арналған көптеген бағдарлама бар екеніне қарамастан, осындай компания құрып, тез арада көп ақша табуға күмар.

Осыған орай бүгінгі таңда саналы кәсіпкерлік арқылы елдің кәсіпкерлік экожүйесін сауықтыру басты мақсат. Кәсіпкерлік қызметтің болашағы болуы үшін оны дамыта отырып, кәсіпкерлерді

стратегиялық ойлау дағдыларына үйрету, халық арасында кәсіпкерлік қызметті танымал ету жолдарын қарастыру қажет.

Осыған орай мектеп оқушыларына кәсіпкерлік бағдар берілуде.

Қазіргі таңда технологиялар мен білім өте жылдам жаңаруда. Оку жүйесі соған бейімделуі керек. Кәсіпкерлік бағдар беру мектеп қабыргасынан басталғаны өте дұрыс. Бұл жастардың кәсіпкерлік ойлау және тұлғалық дағдыларын дамытуға көмектеседі. Сондай-ақ, педагогикалық білім берудің инновациялық даму стратегиясын қабылдау қажет деп есептеймін. Педагогикалық кадрларды даярлаудың қолданыстағы әдістерін қазіргі заманға сай бейімдеу жоғары нәтиже беруде [1].


Жоғарғы сыныптарда оқушыларға мамандық таңдау бойынша түсіндірме жұмысы дұрыс жүргізілуі маңызды.



Сурет 1 – Мектеп мейірбикесі Сүлейменова Бақыт Темірболатқызы өткізілген сұхбат. Ақбөп Ақжар 9 «А» сынып

Кәсіпкерлік қызмет түрі қоғамның барлық аясына кен тараған: өндірістік, шаруашылық, коммерциялық, сауда-саттық, аралық, инновациялық, кенес беру, қызмет көрсету, қаржылық (бағалы қағаздар операциясын қоса) және т.б. аяларды атауга болады.

Кәсіпкерлікті дамыту бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Бұл мәселе кәсіпкерлік қызметтің субъектілерінің дамуы мен өркендеуі бағыттарымен қатар жүреді.



Сурет 2 – Мектептегі туб вираж есебіндегі оқушылар (ұш жылдың салыстырмалы көрсеткіші)

Қазақстанда, егер тұтастай экономика бойынша қарайтын болсақ, бір қызметкер жылына 17 мың доллардың өнімін өндіреді еken. Дамыған елдерде бұл көрсеткіш 90 мың доллардан асып түседі.

Қорытынды өте түсінікті – бізге жағдайды тузыту – кәсіпкерлік субъектілерінің белсенділігін ынталандыра отырып, өнімділікті арттыру, инновацияларды ендіру керек. Инновациялар ғана еңбек өнімділігінің шүғыл артуына жеткізеді. Әртараптандырудың өзегі кәсіпкерлік болады. Біз тәуекелдерді өз мойнына алуға, жаңа рыноктарды итеруге, инновациялар ендіруге дайын қуатты кәсіпкерлер табын көргіміз келеді.

Нақ осы кәсіпкерлік қызметтің субъектілері экономиканы жаңғыртудың қозғаушы құші болып табылады» – деген болатын. Бұл ғылыми жұмыс қазіргі уақыттағы маңызды әрі өзекті мәселе – кәсіпкерлік қызметтің субъектілерінің теориялық, әдістемелік, әдіснамалық және тәжірбиелік негіздерін зерттеу мәселелеріне арналған. Мұның өзі көптеген экономикалық мәселелерді жаңа қырынан зерттеуді талап етеді [2].

Бұл экономикалық міндеттердің катарына экономиканың есүін қамтамасыз етудің жаңа бағыттарын қалыптастыру, кәсіпкерлікке қолдау білдіру, нарықтық қағидалар негізінде экономикалық өзара қатынастарды дамыту, кәсіпорындардың бәсеке қабілеттілігінің артуына жағдай жасайтын кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің іс белсенділігін арттыру және қалыптастыру жөніндегі шаралар жатады. Осы мәселелер ғылыми жобада жан-жақты зерттелген. Кәсіпкерлікке көзіл бөлгендердің бірі – А. Смит, оның пікірі бойынша кәсіпкерлік пайда тәуекел компенсациясы болып табылады. Ж. Б. Сэй – кәсіпкерлік түсінігін кен көлемде қарастырган. К. Маркс

косымша күн теориясында кәсіпкерді тек қана өзінің капиталын жұмсап және өндірілген қосымша құнды иеленген қоғамдық тұлға б 6 деп, яғни жалдама еңбекті пайдаланушы капитал иесі мен өндірісті үйымдастыруышы кәсіпкердің қызметтерін тенестірген.

Кәсіпкерлік теориясын тұтас алып талдаған Иозеф Шумпетер – «Кәсіпкер – жаңашыл, ол экономикадағы барлық динамикалық өзгерістердің қайнар көзі» – деп көрсетті.



Сурет 3 – Екібастұз қаласының № 2 емханасының Жангелова Динара Маратовна бас дәрігерімен кездесу, сұхбат жүргізген Ақбөп Ақжар 9 «А» сынып оқушысы

Нарық экономикалық дамудың маңызды, әрі тиімді жолдарын түсінуге және микро және макро денгейдегі тиімділікті арттыруға арналған фундамент, негіз болады. Оның негізі барлық шаруашылық етуші субъектілерінің, адамдар мен жалпы қоғамның арасындағы тауар айырбасы қатынастарының жиынтығымен сипатталады. Экономисттердің нарық айырбас саласында сатушы мен сатып алушы арасында арнайы экономикалық қатынастардың жүйесін құрайды деген пікір толығымен расталған. Нарықтың сатушы мен сатып алушы арасындағы экономикалық қатынастарға тиізетін әсері баға, сұраныс және ұсыныс, бәсекелестік, табыс және шығын, яғни «нарықтық механизм» үғымына кіретін элементтердің барлығын қолдану арқылы қамтамасыздандырылады. Нарық нақты әлеуметтік-экономикалық шарттармен өмір сүреді. Ол толығымен меншік институтына тәуелді болады. Нарық қоғамның жаңғыртылуының бүкіл кезеңдерінде – өндірісте, таратылуда, айырбас және тұтынуда аса маңызды рөлі бар.

Нарықтың пайда болып, қалыптасуы екі обьективті жағдайға байланысты: біріншісі – қоғамдық енбек бөлінісі, ал екіншісі – жеке меншік негізіне сүйенген тауар өндірушілердің экономикалық

түрғыдан оқшаулануы. Ал, «нарық» туралы әртүрлі көзқарастар бар. Мәселен, «Саяси экономия» оқулығында, нарық өндірістік қатынастар жүйесіне кіретін, меншік қатынасын қамтамасыз 8 етептің, айырбас категориясы ретінде сипатталады. Ал, «Экономикалық теория негіздері» курсында нарық - сатып алу және сату жиынтығы ретінде қарастырады. «Экономиксте» нарық – бұл жеке тауарлар мен қызмет көрсету түрлерін байланыстыратын, сатып алушылар мен сатушылардың институты немесе механизмі [3].



Сурет 4 – Мектеп асханасының ас мәзірінде ұлттық тағамдарды енгізу

Кәсіпкерлік қызмет – бұл тұлғаның ерекше қабілеттілігін жүзеге асыру. Мұның өзі өндіріс факторларын инновациялық төуекел тәсілі негізінде үтимды біріктіріп, жалғастыру түрінде көрінеді. Кәсіпкер өндірісте жаңа техниканы және технологияны пайдаланады, еңбекті жаңаша үйымдастырады, басқаша басқарады, мұның өзі өндірістік жеке шығындарды азайтуға мүмкіндік тузызады және соның негізінде баға белгіленеді. Кәсіпкер маркетингтік 34 қызметті жоғарғы тиімділікте жеткізеді. Ол басқадан нарықты жақсырақ аныктай алады, өндіріс құралдарын бәрінен тиімдірек сатып алады және қандай өнімді, қай уақытта және нарықтың қай сегментінде неғұрлым төлем қабілеті бар сұранымды дәл болжай алады. Соның нәтижесінде әдептегі бизнесмендерге қарағанда ол, көбірек пайда

алуға қол жеткізеді. Онымен қатар кәсіпкер өрқашанда тәуекелділік жасайды. Ол тәуекелділік жасаудан қашпайды, оған саналы түрде, көп табыс алу үшін барады [4].

Экономикалық қажеттіліктер материалдық және рухани илгіліктерді пайдалану арқылы қанағаттандырылады. Бұл жерде қоғамның экономикалық қызметінің табиғи мақсаты жузеге асырылады. Адамдар өз еңбектерінің нәтижелерін пайдалану үшін шаруашылық жүргізу жүйесін қалыптастырып, оның қызметін қолдан отырады. Ұтымды пайдалану экономиканың жалпы тимділігін де арттырады. Қажеттіліктерді қанағаттандыру өндірістің әрі қарай дамуына ықпал етеді. Пайдаланылған өнімнің орына жаңа өнім шығару қажеттілігі туады. Қанағаттандырылмаған қажеттілік жаңа сұраныстар туғызады.



Сурет 5 – «АТАМЕКЕН» Кәсіпкерлікті қолдау орталығы.

Павлодар облысы кәсіпкерлер палатасының Екібастұз қаласындағы филиалы басшысы Мусанап Медениетұлы және бөлімнің бас маманы Қарлығаш Талғатқызымен сұхбаттасу

Саналы, мақсатты, пайдалы еңбекпен айналысатын адамдар белгілі бір жұмысты атқара отырып, өздеріне де, қоғамға да қажетті экономикалық өнімдерді қалыптастырады. Олар өмір сүрге қажетті материалдық және рухани құндылықтарды жасайды, экономикадағы өндірістің басты түйіні болып табылатын кәсіпорындарда барлық өндірістік процестер жүргізіледі әрі қажеттіліктер қанағаттандырылады.

Тақырыбымызды қорытындылай келе, жалпы жобада бұрын теориялық-тәжірибелік түрғыда қолданылмаған біршама жаңалықтар бар. Ен алдымен мектеп тақырыбына сай «Үлттық құндылықтарға бағытталған мектеп жүйесін құру» негізінде «Іскер оқушы» қоғами логотипіне женіл өнеркәсіп (қолданбалы өнер, киім-кешек, үлттық тағам т.б.) косып, үлттық құндылығымызды

насихаттаудың жүйесі енгізілді. Әлемдік тәжірибелі саралай отырып, оқыту мен тәрбиелеуді заман талабына сай жаңашылдықпен үйымдастыру бүтінгі жаһандану заманында басты мәселе болып отырғаны белгілі. STEM/STEAM технологияларына негізделген тәсілді сабак барысында қолдану негізінде құнды жәдігерлердің тарихи мұрасын заман талабына сай жаңғыртуды ұсынған әдістер ең маңызды жаңалығымыз болмақ.

Сатылса қазактың үлттық тағамы сатылсын, ол деңсаулықты нығайтады.

Дамыса үлттық қоленеріміз дамысын, бабамыздың рухани құндылығы өркендейді.

Тек рухымыз сатылmasын! Себебі еліміздің ертені – рухы мықты үрпақ қолында!

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 Кобдикова Ж. У., Аганина К. Ж. Кәсіпкерлік және бизнес негіздері: 10 сынып оқулығы. – Нұр-Сұлтан : «Арман-ПВ» баспасы, 2019. – Б. 171–174 б.

2 Кәсіпкерліктің жедел курсы. Бизнес сабактары. Атамекен. – Астана, 2018. – 2014 б.

3 Жастардың СТАРТАП жобалары қарқынды дамуда [Электрондық ресурс]. – URL: <http://jas.kz/news/>.

4 «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы.

## КӨРКЕМ ТОҚЫМА, СӘНДІК ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЕРТЕ КӘСІБИ ДАМУЫН ҚОЛДАУ: ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ МЕН ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

КУЛЬМАГАНБЕТОВА Р. А.  
гуманитарлық гылымдар магистрі, тарих пәннің мұгалімі,  
№18 ЖОББМ, Екібастұз к.

БОЛАТ АЯУЛЫМ  
9 сынып оқушысы, №18 ЖОББМ, Екібастұз к.  
МУРАТОВА ЛАУРА  
9 сынып оқушысы, №18 ЖОББМ, Екібастұз к.

Қазақ халқының үлттық қоленері – бұрынғы өткен бабаларымыздан бізге жеткен асыл мұра. Асыл мұраны, тарихымызды, көне мәдениетімізді қастерлеу, өркендету және

жалғастыру – әрбір үрпак үшін қасиетті парыз. Өйткені онда ғасырлар бойы қалыптасқан үлттық ерекшелік, форма, ою-өрнектер ғана емес, сондай-ақ салт-дәстүріміз тарихымыз халықтық мінезіміз қалыптасқан.

Қазақтың әйгілі кескіндемешісі, график – суретшісі, бейнелеу өнерінің негізін салушы Әбілхан Қастеевтің: «Мен өнерді таудың бұлағынан, қойдың құлағынан, ешкінің мүйізінен, әжемнің киізінен үйрендім» деуі содан болса керек.

Өскелен үрпакты үлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтардың, рухани-мәдени мұралардың сабактастығын сақтай отырып, үлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеуге жан-жақты даярлау.

Тұтас қоғамның және қазақстандықтардың әрбірінің санасын жанғыртудың бірнеше басымдықтары айрықша аталды. Көзі ашық, білімді, көкірегі ояу үрпак тәрбиелеу – біздің басты міндеттіміз. Жастарды үлттық-рухани құндылықтармен сусындағып, озық дәстүрлерді жанғырту арқылы тәрбие беріп келеміз. Бұл бағдарламаны жүзеге асыруда болашақ жеткіншектерге жаңа сапалы деңгейде білім беріп, болашақ мамандарды білімге, прагматизм мен бәсекеге қабілеттілік сананы жанғыртудың басты негізгі қағидалары мен ұстанымдарын орындан келеміз [1].

«Рухани жанғыру» идеясы ұзак мерзімге жоспарланған жоба. Осы жобаны жүзеге асыру арқылы халықтың санасын жанғыртып, өркеннесті қоғам құруды, тұтас бір халықтың тұрмыс-тіршілігін, болмысын, салт-дәстүрін жанғыртуды қөздел отыр. Қазақстан жастарына бұл ретте үлкен жауапкершіліктің артылып отырғаны берімізге белгілі. Бабадан қалған тіл мен дәстүрді, қолөнерімізді, жерімізді, үлттық құндылықтарымызды сақтап қалу, қазіргі үрпактың Қазақстанды әлемдегі ең алдыңғы дамыған елдердің қатарына қосуға ат салысу тиіс. «Рухани жанғыру» бағдарламасы осы міндетті жүзеге асыруға басты сеп болатын құралға айналатынына күмән болмайды. Үлттық құндылықтарымызды жастарға насиҳаттауға қайсы бір пәннің болса да мүмкіншілігі мен жетістіктері мол. Бүгінгі таңда ЖОО ұстаздары және мектеп ұстаздар қауымы «Рухани жанғыру – болашақ бағдар» жобасына үлес қосуда кәсіптік оқыту, технология сабактарында білім алушыларды қолөнерге үркету арқылы тәлім-тәрбиедегі, оку-тәрбие процесіне арқа етуді құн санап сезінуде.

Қазіргі уақытта жас үрпактың замануи, жаңаша ойлап, әрекет етуі, кедергілерді женіп, табысқа талпынуы қуантарлық жайт. Рухани

жанғыру арқылы ғана біз үлттық рухтағы жастарды тәрбиелейміз десек, оған тағы бір дәлел мектепте арнайы кабинеттердің ашылуы. Бұл дегеніміз, рухани дәстүрдің басты негізі. Мектеп қабырғасында оқу тәрбие процесінде осы негіз басты назарға алынып, жүйелі түрде жұмыс жүргізіліп келеді. Және алда тұрган негізгі міндеттерді насиҳаттау мақсатында атқарылатын іс-шаралардың желілік кестесі жасалып, жоспарға сәйкес түрлі ауқымдағы шаралар жыл бойы тұрақты өткізіледі.

Осы негізде кәсіптік білім беру мамандығының окушылар арасында өткізілген олимпиадалар, мен үйірме жұмыстарына мектеп ұстаздары мен окушылар тұракты қатысып келеді. Замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жанғырудың маңызды алғы шарттарына айналдыра білуді насиҳаттау, еліміздің үлттық-рухани байлығын жанғырту, үлттық қолөнерімізді насиҳаттауды жандандыру, жастар арасынан дарынды, талапты жасөспірімдердің шығармашылығын көтеру, № 18 мектеп окушыларын өз елінің патриоты етіп тәрбиелеу, мәдениетке, қазақ халқының салт-дәстүрлерін өскелен үрпакқа дәріптеу мақсатында халық қолөнер шеберлерімен кездесу үйимдастырылып тұрады. Осы орайда окушыларды сәндік қолөнерге баулу барысында белгілі шеберлерді атап айтсақ өніріміздің қолөнер шебері Қымбат Сартымбековың туындыларын таныстырып, талдау жасап, еңбектерін көрсетіп, шеберлік сағатын өткізіп, окушылардың қызығушылығы мен ой-өрісін ояту мақсатында кездесулер үйимдастырылды.



Сурет 1 – «Үлттық қолөнер тарихы». Үйірме сабактарында қыз балалар жүн түтіп, жіп иіріп, гобилен току ісімен айналысады

Сәндік-колданбалы өнер бүйімдарын заманауи үлгіде окушыларды дизайні менгертуде табиғи материалдардың бірі жүнді пайдалану арқылы қолөнер бүйімдары: киіз басу, сырмак сырғу, текемет, алаша және үлттық киімдер мен кілем току сияқты күні

бүгінге дейін өз маңызын жоғалтпай келе жатқан сондай дәстүрлі колөнер үлгілерін жаңаша әдіс-тәсілдерін үйрету – окушыларды еңбек сүйгіштікке, әсемдікке талпындырып, халқынын тарихын біліп, мәдени мұрасын қадірлеп, дәстүрін жалғастыра білуге баулу мақсатында бірқатар жұмыстар жүргізілуде. Осы тұрғыда үлттық колөнердің тарихын терең менгертіп, мазмұны мен ерекшеліктерін болашақ жастағарға рухани, эстетикалық, интеллектуалдық тұрғыда әсер етіп, олардың тұлғалық және сапалық қасиеттерін дамытары сөзсіз [2].

Білім алушыларға тәрбиелік мәні бар сәндік қолданбалы өнер бұйымдарын өз қолдарымен жасап көруге іскерлігін, үлттық өнерге деген сүйіспеншілігін, құштарлығын арттыру, пәнді оқып үйренуге деген ынталынын арттырып, үлттық құндылықтарымыздысақтауда бірқатар іс-шаралар атқарылуда. Сондай жұмыстардың бірі қазак халқының өнерін бұрынғысымен бүгінгісін салыстыра отырып, үлттық өнердің сүюгө, күрметтеуге баулу, әлемдік өркениетке бет бүрған еліміз үшін окушыларға тәлім-тәрбие беру басты парызымыз деп ойлаймыз.

Қазіргі жаһандық даму жағдайында жастағардың бойына рухани құндылықтарды сініріп, тоқыма өнерінің қыр-сырын үйретіп, жас үрпақтың бойына үлттық өнеріміздің бай мұраларын сініре отырып, шығармашылыққа баулу арқылы жеке тұлға етіп қалыптастыру басты міндеттеріміздің бірі.

Ерте заманнан бастап қазақ халқы сәндік-қолданбалы өнер түрлерімен айналысқан. Мысалға алатын болсақ, киіз үйдін жабдықтары: тұсқиіз, алаша, ши, кілем, текемет, сырмақ, сандық, қоржын, бау-басқұр, уыққап, үзік, жастықағаш, төсекағаш, торсық т.б. бұйымдар осы бағытта орындалды. Ата-бабаларымыз киіз үйдін жабдықтарын тұрмыстық қажеттілігіне байланысты қолданып қана қойған жоқ, сонымен катар оларды әр түрлі ою-өрнектермен, ан терілерімен көркемдеп сәндеген [3].

Қазіргі таңда қазақ халқының сан ғасырлық бай өнері мен мәдениетін, бұрынғы негізді сақтай отырып, жаңа заман талаптарына сай дамытып, әлемге таныту, үлттық болмысымызды сақтап қалу маңызды болып отыр. Сол себепті де жаңаша бағытта дайындалған сәндік-қолданбалы өнер туындылары қазіргі кезде көптеп шығарылуда. Окушыларға сәндік-қолданбалы өнерге бағытталған көркем – шығармашылық сабактары шыдамдылыққа, әсемдікке, еңбек сүйгіштікке тәрбиелей отырып, олардың жасалу жолдарын жетік білуге деген құштарлық пен белсенделілігін танытады.



Сурет 2 – Тарих сабағында көркем тоқыма, сәндік қолданбалы өнер арқылы окушы бойында тарихи таным, рухани құндылықты қалыптастыру жолынан көрініс

Мәселе, халықтың сәндік-қолданбалы өнер туындыларындағы бейнелер мен ою-өрнектердің мән-мағанасы, бояу түстері материалдары, бұйым формасы мен нақыштарының үйлесімділігі, олардың әсемдігі мен жарасымдылығы адамның ой үшқырына асер етіп, онын рухани жан дүниесін байытып, керемет шығармашылық туындылардың өмірге келуі соның айғағы. Осы орайда дәстүрлі халықтық көркемөнерге тартуда «Көсіптік оқыту» базасында үйымдастырылған үйірме жұмысымаңызды рол атқарады. Үйірмеде окушылардың бір-бірімен қарым-қатынас шенбері кенеje түседі және өздігінен ізденіс жұмыстарымен, жекелеген шығармашылық жұмыстармен айналысуға тырысады.

Осы мақсаттарды жүзеге асыруда «Шебер колдар» үйірмесінің окушылардың білімі мен шеберлігін қалыптастыруға қосар үлесі зор. Үйірме жұмысы төрт бағытты қамтиды олар: кілем және гобелен тоқу, сыммен және ілмекпен тоқу, құрак құрау, жүнмен жұмыстар сырмақ, қоржын тұрмыстық бұйымдар жасау. Сондай-ақ ер балалар ер-тұрмандарын жаттап, қамшы тоқу ісімен айналысады. Үйірме сабактарына 5–11 сынып окушылары қамтылған, өздерінің икемділігі, қалauы бойынша осы төрт бағыт бойынша жұмыс жүргізіледі. Осы үйірме жұмыстарында окушылардың шығармашылық белсенделіліктері мен дербестіктерін дамытуға жағдай жасалып, өздері тоқып, құрастырып жасалған еңбектері бағаланады және жұмысының нәтижелерін өткізілетін көрмелер мен жоғары мектеп базасындағы музейлерден көруге болады. Бұл

үйірмеге қатысатын оқушылардың әрі қарай қанат жауына үлкен жол ашады.

Халықтық өнерге баулуда үйірме сабактарының оқушыларға ісmerлік жолдарын ашып көркемдік шеберліктің тәсілдерін менгеруге жол ашады. Үйірмеде оқушылар өз шеберліктерін іс жүзінде көркем қолөнеріне басқаша шығармашылық көзбен қарап әдемі жәнеде пайдалы заттарды жасай алады. Сондай сәндік-қолданбалы өнердің бірі gobelen тоқу өнеріне тоқталмақпаз.



Сурет 3 – Олеңті өзені бойындағы «Тастағы таңбалар» оқушылар шығармашылығында

Тоқыма өнерінің түрлері – кілем, алаша, ши тоқу, gobelen өнері жылдан жылға дамып келеді. Дәстүрлі тұқті кілем мен кілем тектес тоқыма бұйымдары қазақ арасында жоғары бағаланады, олар киіз үйдің төріне керегелерге ілінеді. Кілемнің көптігі үй иесінің байлық-дәүлетінің, дәрежесінің көрсеткіші болып табылған. Гобелен – өнерінің шығу тарихы Франция елінен бастау алады 16 ғасырда Гобеленовтар отбасының осы тоқыма өнерін дамытып әлемге паш етті. Әр халықтың өзіне тән тарихи, рухани құндылықтары сән салтанаты, салт-дәстүрі бар, ол әліде жалғасып өз мәртебесін биіктете жалғасып келеді. Ал осы gobelen өнерін

тұнғыш рет Қазақстанда дамыткан қолөнерші Қ. Тыныбековтың еңбек жолдармен жас үрпақты таныстыра отырып, тоқыма өнеріне онын ішінде gobelen тоқуға деген қызығушылығын арттыруымыз керек [5]. Бұдан көретініміз, қазақ халқының өнермен айналысатын шеберлерінің қандай үйымшыл, жан дүниесінің бай, өнеріміздің әдіс тәсілдерін жетілдіріп, ұлттық рухы мен ұлттық санаасының биік екенін аңғарамыз. Осындағы өнерлі, дана халықтың үрпағы бола тұра неге бізге, ұлттық рухпен сана-сезімді жандандырмасқа, жаңартпасқа.

Қолдан жасалған бұйымдардың, тоқылған кілемдер мен gobelenдердің суреттерінде философиялық мағанасы бар, мәні теренде жатыр. Үйірме жұмысында кілем, gobelen тоқу жұмысы оқушыларды қызықтырады. Сондықтан оқушылар gobelen тоқымас бұрын сюжеттік суреттер салу жолдарын іздестіреді. Гобеленнің көркем композициялық туындының алғашқы ұлгісі тақырыптық мазмұнға сәйкес, ішкі жан дүниені толғандыратын ой, идея, киялдан туған бейнелерді көрсетуге арналған болуы керек. Тоқымадағы суреттермен безендірілуі, ою-өрнектермен табигат сұлулығымен ұштастырған бұндай көркем шығармашылық туынды адамға үлкен ой тастап, оқушылардың фантазиясын ұштай түсетін анық. Сондықтан gobelen өнерінің сәндік-қолданбалы өнерде алатын орны ерекше. Қысқаша айтқанда gobelen өнерін үйірме сабактарында оқытып, үрету дегеніміз көнеден келе жаткан дәстүрлі тоқыма өнеріміздің әдіс тәсілдерін жетілдіріп, келешек үрпаққа асыру болып табылады. Гобелен тоқуда еңбекке, өнерге ойлау қабілетін арттыруға, нәзіктік пен сұлулықты сезіне білуге, табандылық пен шыдамдылық, үқсатымдылыққа тәрбиелейді [4].

Гобеленнің тоқылу мен суретіндегі ерекшелігі, оның әсемдігі, композициясы, үйірме оқушылардың қызығушылығын арттырып, эстетикалық талғамын оятатын, философиялық ойларға толы, сұлулықтан әсер алуына септігін тигізуі қажет. Оқушылар тоқу барысында абстрактілі суреттердің композициялық шешімдерін, ою-өрнек үлгілерінен релефті пішіндерінорындағы алады. Осы тоқыма өнердің барлығына дерлік ортақ ою-өрнек. Халықтың ұлттық нақышын көрсететін, өзге ұлттан ерекшелейтін ою-өрнек. Шынында да қазақ тұрмысында ою-өрнектің араласпайтын саласын табу қыын, кисса-жырлар мен дастандарда, батырлардың ат-әбзелдерін немесе арулардың киімдері мен күймесін суреттегендеге тыңдаушының көз алдынан ғажайып нақыштар өтері анық. Осындағы әсемдік әлемін өз көзімен көрген ғалым А. С. Фелькерзам қолөнерді,

әсіресе, кілемді терен зерттей келе, Азияны «Үлкен этнографиялық» музей деп атаған [6].

Қазіргі уақытта гобелен өнерінің нағыз қарқынды дамып жатқанын байқауға болады. Окушылар үйірме жұмыстарында гобеленге сюжеттік қазақша нақыштағы суреттерді іздестіріп, эскиз даярлайды. Жалпы түс ұлттық дәстүрмен байланысты. Онтүстік өнірі болғандықтан әрбір оқушы, өз жұмыстарына ашық түсті жіптерді қолданады, ол адам көнілін көтеріп, куанышқа бөлейді. Түстер адам жан дүниесіне түрліше өсер береді: сары түс куанышты, жылдылықты сездірсе, қызыл түс адамға күш, көніл күй, жасыл түсадамды тыныштандырып ерекше бір салтанатқа бөлейді. Үйірмеде окушылардың тоқыған кілемшелері мен гобелендерін тәмендегі суреттерден көруге болады. Жас шеберлер бұл дайындалған бүйімдардың әрқайсысының бір-біріне ұқсамауына ерекше назар аударады.

Тақырыбымызды кортындылай келе, өскелен үрпаққа оку тәрбие үдерісі мазмұнына қазақтың ұлттық қолөнер бүйімдарына баулу арқылы іс-әрекеттің педагогикалық негіздеріне сүйенген жаңа технологиясын енгізсе, соғұрлым білім алушылардың ұлттық мәдениетке деген сана-сезім, рухы көтеріліп, эстетикалық талғамы, патриоттық қасиеттері артып, ертенгі өмірге қажетті іскерлік бейім-қабілеттері, рухани – өнегелік құндылықтары қалыптасқан болар еді. Қазіргі таңда қазақ халқының сан ғасырлық бай салт-дәстүрімізді, мәдениеті мен қолөнерін, жаңа заман талабына сай дамытып, ұмытпай өлемге паш етіп, ұлттық болмысымызды сактап қалуға қазақстанның әрбір азаматы өз үлесін қосса нұр үстіне нұр болмақ. Сонымен, окушыларға сәндік өнерді менгерту-ол ертеден келе жатқан өнерімізді, тәжірибедегі ең жақсы жетістіктерімізді жинақтау, жаңғыру, зерттеу өйткені ұлттық қолөнеріміздегі тәжірибелі іс жүзінде пайдаланып, қандай нәтижеге жетуге болатындығы белгілі. Қолөнер бүйімдарын үйірме жұмыстары арқылы жандандырып рухани-өнегелік құндылықтарымызды жаңаша мазмұнда, үйлестіріп көрсете білу, оны ары қарай дамыту, болашақ ұрағымыздың еншісінде деп білеміз.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Назарбаев Н. Ә. «Болашакқа бағдар : рухани жаңғыру». 12 сәуір 2017 ж. [Электрондық ресурс]. – URL: [https://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/press\\_conferences/memleket-basshysynubolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy](https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynubolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy).

2 Жолдасбекова С., Изтилеуова А., Ыскак А., Райымкулова А., Кубенов М. Народные ремёсла : учебное пособие. – Астана : Фолиант, 2013. – 264 с.

3 Әбдіғаппарова Ұ. М. Қазақтың ұлттық ою-өрнектері : оқу құралы. – Алматы : Өнер. 2005. – 225 б.

4 Райымқұлова А. Д. Түкіз кілем токудың әдістемесі : әдістемелік құрал. – Алматы, 2007. – 152 б.

5 Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы : Қазақстан, 2005. – 256 б.

6 Өмірбекова М. Ш. Энциклопедия казахские орнаменты. – Алматы : Кітап, 2005. – 283 б.

### БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЕРТЕ КЕСІБІ ӨЗІН-ӨЗІ АНЫҚТАУЫНДА ҰЛТТЫҚ АТ СПОРТЫ ОЙЫНДАРЫН ДАМЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

КУЛЬМАГАНБЕТОВА Р. А.

Дарынды балалармен жұмыс менгерүшісі, тарих пәнінің мұгалімі,  
№ 18 ЖОББМ, Екібастұз қ.

РАХМЕТОЛЛА Р., ЖУМАЖАНОВ А., ТАНАТАР А., БАЙЗУЛЛАЕВ А.  
9 сынып, № 18 ЖОББМ, Екібастұз қ.

«Торт аяқтың тарланы – қазанатың,  
Екі аяқтың арланы – азаматың.  
Қазанат пен азамат бірге шапса,  
Бүкіл өлем таниды ҚАЗАҚ атын!

Жүйрік аттың жолында жаңын беретін қазақ баласымыз ғой. Тұлпар тұғынын дүбірін естіп тұрып, мойын бүрмауымыз әсте мүмкін емес. Қазақта 5 жасқа тоган баланы АЗАМАТ болды деп, алғаш атқа отырығызады. Ат-жалын тартып мінгел қазақ баласы 5–6 жастан жеткіншек жасқа дейін аттың жалында жабысып өседі. «Ат ердін қанаты» деген нақыл сөз бар. Осы бабадан жалғасын тауып келе жатқан дәстүрімізді біздің өнір берік үстанған. Екібастұз өніріне танымал «Атбөгілер әулиеттері» ат баптайды.

«Ұлы даланың жеті қыры». Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағаны тарихтан белгілі. Міне ғылыми макалада осы құндылықтарды дәріптеу, паш ету, қүнделікті өмірде қолдану бағыт да кіркітілген. Жалпы қекпар қазақ халқының ұлттық ойыны, оған кез келген атты қолдануға

болмайды, ал көкпарға салатын аттардың бабы келісken болу қажет. Қазіргі уақытта осы бағыттағы үрдіс кенжелеп қалған. Осы олқылықтың орнын зерттеу арқылы біршама шешуге тырыстым. Көкпарға пайдаланатын аттардың жасы, оның жүрісіндегі ерекшелігі, қандай азықты корек ету керектігі, қанша уақыт табында, қанша уақыт қолда болу керектігін бірқатар деректер мен физиологиялық заңдылықты негізге алдым.

Көкпарға пайдаланатын аттарды жылқы үйіріне қарап тұрып айыра білетін қазактың байырғы атбөгілік қасиеттерінің ең қажеттісін, қазір қолдануға жарайтынын нақтыладым. Сыртынан қарағанда көзге шалынатын жылқы қасиеттерін тізбектеп келтірілген. Ең маңыздысы қазақ әдебиетіндегі көкпар аттарына қатысты қасиеттерді кіріктіре отырып, қазірі кезде қаншалықты қолануға ынғайлы деген тұжырымы да талдап көрсетілді. Қазіргі кезде елімізде көкпар аттарын іріктеуге қажетті негізгі ресурстарға шолу жасалды. Мысалы, жер жадысы, ауа-райы, соңғы технологиялар, ветеринарлық бағыты, ат үстайтын жер, азық-тұлік т.б. Қай өлкенің аттарын қалай таңдау керектігіне тоқталдым [1, 114 б.]

Қазақ жылқысының тарихы және ұлттық құндылықтарының бірі – жылқы малы. Қазақ жері мен елі – көне жылқының отаны. Қазіргі зерттеулер осыдан 6 мың жылдар шамасы бұрын Қазақстан территориясында тұрған көшпенді тайпалар әлемде алғаш рет жылқыны қолға үйретіп, міниске, күш-көлікке пайдаланғанын, етін жеп, сүтін сусын еткенін дәлелдеп отыр. Қазақ халқы жылқы тұлігін баға да білген, бағалай да білген халық. Ел аузындағы «жүзден жүйрік – мындан тұллар» – деген нақыл сөз, бұл жылқыны есіре білгендей пен оны балтап бәйгеге коса білгендіктің философиялық түйіні. Халқымыз жылқыны құндылығы мен қадір-қасиетіне карай түрлендіре атағанына қарасақ-жүйрік те, сәйгүлік те, тұлпар да, дұлдул де, тарлан да, тіптен қазанат та ешқайдан келмеген.



Сурет 1 – «Ұлттық құндылықты ұлықтаған мектеп». Мектебіміздегі үйірме сабактарында оқушылар киіз үй құрастырып, жабдықтарымен танысып, қамшы токуға машықтанады, ат-әбзелдерін үйрениді

Жаппай көкпар мен спорттық көкпардың айырмашылығы, жаппай көкпар тартыста серкенін салмағы нақты белгіленбейді. Теке тарта ма, тана тарта ма, өздері шешеді. Сонын жүз ат шаба ма, мың ат шаба ма – шектеу қойылмайды. Ал, спорттық көкпар белгілі ережеге сүйенеді. Көкпаршыларды үйимдастырып, Павлодар өнірінде өтіліп жүрген ұлттық ат спорты жарыстарының, ескелен үрпакқа беретін өнегесі көп. Облыстағы негізінен көкпаршы жігіттеріміз Екібастұздың Аққөл ауылында, Баянауылда, Май ауданында, Ақсуда тұрады. Екібастұздың Аққөл ауылының «Пырак», Жайылма ауылының «Көкбөрі» және Май ауданының «Саты» командалары жүлделі орындардан көрініп келеді. Көкпаршылардың айтударынша, «Пырактың» капитаны Дәурен Жандарбеков, Оразалы Шөпшин бастаған Еркебұлан Егінбаев, Мереке Смағұлов, Ерганат Қадыров, Айбын Уахитов, Нұрбол Жақсыбектер үшін көкпар ойынғана емес, өмір сүру салтына айналған. Ауылдарда ат балтап, көкпар тартуға құмар жастар көбейіп келе жатқаны, әрине, қуантады. Ал көкпарға құмартқан ұлттық ойынымызға қолдау көрсеткен жастардың бастасы нұр үстіне нұр.

Бүгінде Жайылма ауылы Көкпар құрама командасында жастар белсене қатысада. Олар: Уахит Балғын, Ерғали Мирас, Құбайдолла

Нұрдәulet, Қайыржан Нұрғанат, Егінбаев Абдурахман, Наурызбай Кенесары, Қайратов Олжас, Хасен Ҳақназар, Абылай Айбын, Айлыбаев Қайыrbай, Қайратов Тілеужан [2, 54 б.].

Екібастұз қаласы «Көкпар» ұлттық ат спорты жарыстарында Облыстар 6 дүркін чемпион атанды. 2013 жылы «Жасөспірімдер арасындағы ҚР чемпионатында Қола жүлде иеленді. Осы команда ішінде «Ел чемпионатында» «Қызы күү», «Аударыспак» ұлттық ат спорты түрлерінен жеңімпаз болып, Спорт шебері, Спорт шеберіне үміткер атағын алғандар да бар. Уахитов Айбын Алматы «Ересектер арасында» 2 орын, Петропавл «Жастар арасында» 3 орын, Жаксыбек Нұрбол Түркістан «Қызы күү» 1 орын, Мусралинов Қанағат Түркістан «Аударыспак» қола жүлде иегері.



Сурет 2 – «Ер түрманын жатқа білер, Ер тақымын берік етер» атқамінер жеткіншектерді, рухты азаматтарды тәрбиелей басты парызы

Бүтінгі күні көкпарға арналған ат дайындау ғылыми негізделген әдістемесінсіз жүргізіледі және бұл деңгей білімділікпен емес, әуесқойлықпен емес, жаттықтырушылық дәрежесі қозғе анықталады [3, 45 б.].

Екібастұз қаласының намысын қорғайтын «Ақкөл-Жайылма» көкпар командасы ересектер арасында облыстың 6 дүркін чемпионы атанды.

Бұл мәселені жақын арада шешу керек екені анық, себебі көкпар жалпы бірқатар елдерде жаппай даму үстінде, ал жарыс кезінде көптеген жылқылар дайын емес, жаракат алғып, түрлі дәрежедегі жаракат алады.

Қазақ ұлттық спорт ойындары және олардың жастардың өскери-патриоттық дene тәрбиесіндегі рөлі атам заманда қолға үйретіліп, адамзат баласының қажетіне жаратқан жылқы түлігі көшпендердің ең қасиетті, ең қадірлі малы. Көшпендерді жылқы мағынсызы елестету мүмкін емес.

Сондықтан да көшпендер мен жылқы түлігі егіз ұғымдай қосарланып айтылған. Тіпті көшпендер қауымын «аттылар әулеті» деп те бекерден бекер айта салмаса керек. Өйткені, ұланғайыр даланың, ұлан байтақ өлкенің ұлы түрғындарының тыныс-тіршілігі, өмір-салты, өнер-білімі, әдет-ғұрпы, салт-санасы, салтанаты, бір сөзben айтқанда бүкіл мәдениеті жылқы түлігімен тығыз байланысып жатады [4, 209 б.].

